



СЕРІК  
АҚСҰҢҚАРУЛТЫ

ЖІЗ  
ТАСҚЫН



Әлке

ЖАЗШЫ



СЕРІК  
АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

**ЖЕЗ  
ТАСҚЫН**

ӨЛЕҢДЕР МЕН ПОЭМА

«ЖАЗУШЫ»  
АЛМАТЫ  
1988

84Қаз7—5  
А 37

Пікір жазған  
Сейітқұл Оспанов

24110 ✓

13 Ақтөгейская  
аб Ц С

Ақсұңқарұлы Серік.

А 37 Жез тасқын: Өлеңдер мен поэма.— Алматы: Жазушы, 1988.— 72 бет.

Серік Ақсұңқарұлының бұл жинағына соңғы жылдары жазған жаңа өлеңдерімен бірге «Адам Ата мен Хауа ананың үйленуі» атты поэмасы енді.

А  $\frac{4702230200-084}{402(05)-88}$  52—88

84Қаз7—5

ISBN 5—605—00052—7

СТАМПА

© «Жазушы» баспасы, 1988



#### ЖЕР ШАРЫ — БАЛА — АРҚАМДА...

Жүректі шер ғып, құса ғып, көзімді жаңа ашқанда  
Әкемді ажал құсы алып әкеткен түпсіз аспанға...

Тағдырдың жасы мол көзде, жасау да қиын нелік.  
Мен құлай беріп... сол кезде анама қалғам сүйеніп!

Тірліктің тарау жолымен жүргенде жүдеп жас жаным,  
Көзімнің жасын қолымен сүрткен кеп ауылдастарым.

Жаралған жаным шуақтан  
суықтан қалса қысылып,  
достарым келіп жұбатқан халімді менің түсініп.

Жаралап кетсе пасық кеп жаралған жанды кіл оттан,  
Рухыма менің ғашық боп бір әйел бар-тын жұбатқан.

Жырларым менің ұнаған мен танымайтын бір адам  
жаладан ақтап, күнәдан,  
жаныма сауға сұраған.

Мен — тірі Ғұмыр сүремін қарамай тағдыр кәріне,  
Бұлқынған бала жүрегім қарыздар соның бәріне.

Аң-таң ғап көп ел сұрағын алдыма тартқан талай кеп  
«Мұрап та болмай, мұғалім...  
ақын боп кеттің қалай?» — деп.

Бәрі де мұның ғажап-ақ, ғажап-ақ мынау сұрақ та:  
Мұрап та болып азамат жетеді асқақ мұратқа!

Бөлмегін мені елімнен: болмасам қайтем қол-шебер?  
Мұрап та болар едім мен —  
мұратым тек сол болса егер!

Ақын боп кеттім:  
тастарға шуақ боп тамып қайтсам,— деп,  
Айқайлап тұрып аспанға анашым жайлы айтсам! — деп.

Даламның болып ақыны, көз салып ойы-қырыма,  
Ананың бәрін ақыры алыппын қосып жырыма.

Сұрама менен дерегін, айналды дерсің, о, демде,  
Ошағым жәйлі өлеңім — Отаным жәйлі өлеңге!

Түсіне көрші сырымды, шабытым алып ұшқанда:  
Достарым жәйлі жырымды оқуым керек дұшпанға!

Жаралап кетсе пасық кеп жаралған жанды кіл оттан  
Рухыма менің ғашық боп бір әйел бар-тын жұбатқан.

Деймін мен сол бір аруға:  
«Жаныңды мұңға жеңдіріп қызгана көрме! Қой енді...  
Сен жәйлі жазам деп жүріп  
жырлаппын бүкіл әйелді!»

Қанатты жырым жүреді сені іздеп ұшып, қарандар:  
Бір соққан ізгі жүрегі, мен танымайтын адамдар!

Соғыстан, өрттен  
өлермен кеуденде жүр-ау дерт өріп?  
Өздерің жәйлі өлеңнен кетем-ау бір күн өртеніп!

Қанбайды ұйқым бал таңда кеудемнен жалын от өріп,  
Жер шары — бала — арқамда, келемін соны көтеріп!

## АТОЙ

*Р. Қошқарбаевқа*

Сұмдық пенен құлдың қараң бәрі:  
замандардан ауысып замандары,  
Қудайлары тарихтың — адамдары:  
«Аттан!!!» салып келеді  
Сол дауыспен  
күңіренген Кронштадт қамалдары,  
Рейхстаг алаңдары!

Төгілгенде су құсап халық қаны,  
Басталғанда бас кесу тамұқтағы  
«Аттан!!!» салған кім екен алғаш рет —  
Ең алғашқы Ақын сол тарихтағы!

Өтті-кетті, ұстатпас шіркін елес,  
Шіркін елес — көңілге бір түнемес:  
ақын шығар — сол Адам,  
әйтпесе оның  
«Аттан!!!» салып шығуы мүмкін емес!

Атойлы үндер анталап, не түрге еніп,  
Құрылықтардан құрылыққа секірді өріп.  
Өксіп жүрем жесірге, жетімге еріп;  
ақындар мен атойлар ұқсайды екен —  
адамдар мен құдайлар секілденіп!

Кіжінеді әлі де айбат қылып  
аяр күштер жатса да жайрап, құрып.  
Қайнайды ішім қазандай,  
талай жерде  
тілсіз қаппын... тісімді қайрап тұрып...

Шабуылдар! Шерулі шабуылдар!  
Жер-көктегі жендетке жабылыңдар!

Қолына ұстап ұрпақтар оқығанда  
Тарихымның бетінен табылындар,  
Шабуылдар! Шерулі шабуылдар!

Замананың шерте алмай зарлы мұңын  
көкірегімде кептеліп қалды ма үнім?  
Мен де — тарих пешінің тандырымын.  
Түсінікті, тылсым шер, сырың маған,  
мынау жырлар — жүректе шымырлаған —  
шабуылдар,  
сендердің жаңғырығың!

#### ЧИЛИ. АЗА ЖЫРЫ

Поэзия! — Ақынның алтын тағы!  
Жендет оғы төбеңнен сартылдады...  
Күн бұзылып, Жер беті салқындады,  
Азап шекті-ау Ақынның жарқын жаны.

Қайран Чили! Отаны батырлардың!  
Ошағы едің гүл-ару, шат-ұлдардың...  
Хунта — Тозақ! Өртімен лапылдадың!  
Қайран Чили... қиналып жатыр жаның...

Өлең керек өмірге.

өлең керек

Лапылдаған тамуқтың оттарындай,  
Солқылдаған электр тоқтарындай;  
Отанның сақтаған опасызға  
мылтықтағы ең соңғы оқтарындай!

Жендет оғы төбеңнен сартылдады.  
Ақын жаны неге ерте салқындады?  
Алды-артында түгі жоқ пенделер бар,  
Өлеңі оның — өмірі артындағы.  
Ақын жаны неге ерте салқындады?



Құстар қанша жөнеліп күзден мүлде,  
Қурап жатыр Сұлулық — үзген гүлде.  
Блок па еді дегенім — Жүрек пе еді?  
Жүрек жүре бере ме бізбен бірге?

Пушканы ізде — табасың бар ғасырдан.  
Пушкиндерді күн сайын іздеп жүрме!

Чили — өртте.  
Денесі жанып-ысып  
Нерудасын іздейді алып-ұшып.  
Бұл — оның мәңгі өлмейтін сағынышы.  
Гүл нісі құрыған... Қан нісі...

Қайран Чили! Отаны батырлардың!  
Ошағы едің гүл-ару, шат-ұлдардың...  
Хунта — Тозақ! Өртімен лапылдадың!  
Қайран, Чили... қиналып жатыр жаның:  
Фашизм — азабы адамзаттың  
Фашизм — ажалы ақындардың!

#### ДЖУНГЛИ ХИКАЯСЫ

Джунгли бүгін шошып оянды...

Қараса таң ғап адамдай мас болған түстен:  
Жүз бала улап-шулап жүр! Аспаннан түскен —  
түр-түсі, нәсіл ныспы, түп-заттары — бөтен  
сайтанның сапалақтары ма екен?!

Бір шал жүр және... Рухы-тұл, тұл есімдері  
кебінді киген тарихи күресіндегі  
Сұмнан қалай бұл құтыла алармын:  
ел түгіл, тіпті жел білмес құпияларын  
жер басып әлі жүр ме едің, сұрқияларым?!

Бұл — Доктор... Қашқын-қарақшы күнін көріп тұл,  
зәресі ұшып сотынан Нюрнбергтің  
паналап қара орманды, қарайып қалы,  
елестеп көзге фашизм «гажайыптары»  
жасақтап жатқан жан алғыш жүздігін кекті.

Дәріден... жасап шығарған... жүз жүгірмекті,  
жүз жүгірмекті — ұрандар ұрысқа кіріп —  
жаһанға жауып жібермек құмырсқа қылып!  
Әуелі — жүзі... аянышты, күлкілі ме әрі?  
Миллион болып шығады бір күні бәрі!

«Майн кампф» деген шатпақты құрандай құндап,  
жұмады көзін жүз бала ұлардай шулап!  
Доктордың арбау-дұғасын құрандай құндап  
жұмады көзін жүз бала ұлардай шулап...  
Өш еді олар Адамға, өш еді бәрі.  
«Жаһанды жаулап аламыз!» деседі бәрі.  
Жүз бала! Аттың ойнайды құлағында әлі...  
Доктордың жендеттері ғой мынаның бәрі!

2

Бір күні джунгли... Жүз бала тарпа бас салған  
естіді шалдың дауысын! Жанталасқаннан  
шыңғырды сорлы естіртіп алапқа мынау:  
«Жазығым бар ма, жазығым, қарақтарым-ау?..  
Құлындарым-ау! Мұның не? Сенесіңдер ме:  
әкең де менмін! Шешен де... Көресіңдер ме?!  
Қалайша маған тағы да тас атты жалған...  
Менмін сендерді дәріден... жасап шығарған!!!» —

«Өтірік! — деді жүз бала — Қалтырамаңыз!  
Әкеміз — қан-жын... Алтын — анамыз!  
Сен түгіл, Бүкіл Әлемді тартып аламыз!  
Өтірік айтпа! Өлтіріп жан аламыз біз.

Адамның қаны мұхиттай саулап ағатын,  
Күніміз жақын жаһанды жаулап алатын!  
Біз — жүзбіз! Ал, сен — біреусің... Өшір үніңді!  
Асамыз дарға! Басамыз есіріңді!»

«Өлтіре көрме! Күн көзін қимағаның ба?!  
Жазығым менің тіршілік сыйлағаным ба?!» —

«Өшір үніңді! Жер-жаһан — жанарымызда!  
Әлсіздер құлап жатады табанымызда!  
Құрылықтарынан құрылыққа ұшамыз біздер.  
Ғаламның сұлу қыздарын құшамыз біздер!  
Көрінген ітпен біріңде илектеспейміз.  
Бүкіл дүннені бүктіріп, билеп-төстейміз!»

3

Жүз бала шулап келеді! Басталған бүлік:  
Тарихты, бізді құртпақ ол тас-талқан қылып!  
Қорқамын осы құбыжықтан! Қара қандары,  
Секілді инкубатордың балапандары!

Сүмдықтар бар-ау ғаламат ғаламда мынау!  
Джунгли! Сен... бір пәлеге арандадың-ау:  
өртеніп кетер ме екенсің, қара орманым-ау?  
Дүниежүзілік үшінші... қыргын соғысты  
мыналар бастап жүрмесін, адамдарым-ау?!!

### ЖҰДЫРЫҚТАЙ ЖҰМЫР ЖЕРДІҢ БЕТІНДЕ...

(Роберт Рождественскийден)

Жұдырықтай жұмыр жердің бетінде  
Жұдырықтай пенде еді бір  
болғаны...

Кіші кісі. Кіші қызметі де.  
Портфелі де жуан емес қолдағы.  
Аз-мұз ғана еңбек ақы.

Күлкілі:

алтын берсең,  
ашкөз емес,  
алмас-ты!

...Терезесі дүрсілдеді бір күні  
атып тұрса:

Соғыс деген  
Албасты!!!

Алды ол сонда кіп-кішкентай автомат.  
Кіп-кішкентай етік көрдім кигенін.  
Кіп-кішкентай каска көрдік... қат-қабағ.  
Өз бойындай кіп-кішкентай шинелін...  
Шабуылда өлді ол. Қашып кетпеді!  
Үні естіліп шықырлаған тісінің...  
Мырза-жердің мәрмәрі де жетпеді  
құйған кезде сол Кісінің мүсінін.



Заман біткен орынн толтыра алмас  
адам біткен — қонағы дүниенің.

Жаз бен қыстар жылда өстіп ауысады,  
жаңа ұрпақтар өмірмен қауышады.  
Сайран өңір өзінді елестетіп,  
қайран өмір төзімді тауысады.

Көктем келер, қар да еріп, жылына күн,  
Көк те шығар көтеріп тұлымшағын.  
Жан-жануар оянар жамырап,  
тек  
сенің ұйқың — мәңгі ұйқы, құлыншағым.

Осы өмірдің тұлғасы болсақ-тағы,  
екі бөлер ертеңгі жол шатқалы.  
Шағылысып келеді Күн нұрына  
сағыныштың мөлт еткен моншақтары...

#### ОТАН

(Е. Евтушенкодан)

Ғаламат ғаламсың Сен  
көз жетпес ұшаныңа.  
Құшақтап қалай сүйем,  
сыймасаң құшағыма?

Жара сап жанына да  
тәніне құдіретті —  
ұлы ақындарына да  
сыйладың ұлы дертті...

Аяз да, өктем жасын  
жаныңмен егіз еді.

Көл-көсір төккен жасын  
Қаның да теңіз еді!

Кесір мен керістердің  
бәрі оғын саған атты.  
Ғаламат Жемістердің  
парқы да ғаламат-ты!

Қаһарлы айбының да,  
Мықтымыз — Сен де, мен де:  
жоқ ұсақ қайғы-мұң да,  
жоқ ұсақ пенделер де!

Отаным!  
Қарашы, ұлын  
ұмтылды құшақтауға.  
Ұлы елдің баласының  
хақы жоқ ұсақтауға.

Аяулы анасың сен,  
Дақты түлектері.  
Ұлы боп қаласың сен,  
ұлдарың ұлы өйткені...

#### КАРДИОГРАММА

Өлең өзін өмірге елші етеді.  
Ақ-қараңды қапысыз өлшетеді.  
Ақ қағазға түскен жыр, айналайын,  
жүрегімнің жүрісін көрсетеді.

Бара жатып бас лағып, өліп-құрып,  
өзегімнен өмірге өріпті үміт.  
Өзіме-өзім кей кезде тауба қылам  
жүрегімнің жүрісін көріп тұрып.

Қалай-қалай соғады қайран жүрек,  
аман-есен Жер Күнді айналды деп.  
Өзегіме өксік шер байланды кеп...  
Қалай-қалай соғады қайран жүрек.

Ер салғалы Пегасқа — күреңіме  
пенде емес ем қараған түр-өңіме;  
Сөйтсем, жүрек айналып ақ паракқа  
Ақ парағың айналған жүрегіме.

Өлеңдерім — өрімім, сабаздарым.  
Ар-ожданым!  
Өзім кетсем өртеніп...  
жүрегімді  
тастап кетем сендерге, қағаздарым...

\* \* \*

Барады уақыт зыр қағып,  
Зырладық бірге өзіміз.  
Соңу күндерден ұрланып  
қарайды сіздің көзіңіз.

Сүюдің азап, бейнетін  
көремін деп пе ем ол кезде?  
Пәктіктің керім келбеті  
тұратын тұнып сол кезде.

Ұйқтаппыз. Көкте жүзді Күн  
Көңілде — сол бір жыл ояу.  
Келіншек бопсыз Сіз бүгін,  
Мен де әке боппын, құдай-ау.

Тағдырдың ділі қатал-ақ,  
Сол шақтан белгі қалмаған:  
алдаған мені махаббат,  
Сізді де оңбай алдаған.



Сізді ертіп,  
не Сіз мені ертіп  
кетпесек — кінәлі өзіміз.  
Өтірік күліп неге тік  
қарайды өткір көзіңіз?

Пәк махаббатсыз не тірлік?  
Пенделік ғұмыр — құнарсыз.  
Кейде... Сіз мүмкін өтірік  
жылайтын-дағы шығарсыз?

\* \* \*

24710  
Тәнге күннен күміс бір шуақ тамып,  
тіршілік өз міндетін тұр аткарып.  
Сүйікті боп жат жанға,  
ұнап қалып,  
өстіп... қатар жүреміз... Қосылмайтын  
шойын жолдың табаны сияқтанып!

Бірімізге біріміз кішірмейміз,  
Жүрегі жоқ гранит мүсіндейміз.  
Бізге дейін көп пенде түсінбеген,  
біз де тағдыр талкегін түсінбейміз.

Мұз құрсаңған бір шер бар ішімізде.  
Суық қарап жазмыштың түсі бізге;  
жат төсекте, жат жанмен аймаласып  
бір жатамыз екеуміз түсімізде.

Қартаямыз сонан соң, ойланамыз,  
Өміріміз өзінше толған аңыз.  
Тірлік заңы: біздің де қанымыздан  
жаралады ару қыз, бозбалаңыз.

Ақыл толы алтын бас самғап әрі,  
өзіне-өзі қартайып, таң қалады.

18 | Ақтоғайская  
| Ц С

Дейміз: «Балам, алданба, сүйген кезде!»  
Ол да бірақ оңбай бір алданады.

«Сүю керек сүйген соң есің қалмай,  
Өрт, дертінен қашпағын шошынғандай!  
Махаббатсыз өмір жоқ!» — дейміз сонда  
өзіміз бір ғашық боп қосылғандай!

Бәріміз де жастықта отпыз жалын.  
Елемейміз тағдырдың оқты ызғарын,  
Қайдағы бір қайраңға соққызғанын.  
Олар бізді тыңдай ма?

Бір кездері

Біз де ешкімді тыңдаған жоқпыз, жаным..

Ұрпақ біздің лебізге арбалады,  
Сол қараңғы көңілге шам жағады.  
Дейміз: «Балам, алданба, сүйген кезде!»  
Әлі қаншама адамдар алданады...

#### ДАУЫС

Жүріп келемін. Дүбірге еніп бұл маң  
Ғаламаттармен қауыштым.  
Өмір дегенің — күңіреніп тұрған  
даласы дыбыс, дауыстың.

Таң қалып қарап ғаламға таныс  
от ойнап жанды көзімде.

Далам да — Дауыс!

Ғалам да — Дауыс!

Дауыспын менің өзім де!

Дауылдарға еріп көшемін демде,  
Телегей теңіз — тер деген:

түс көріп жатсам төсегімде де  
дауыстар маза бермеген...

Жүріп келемін, жанарым — тамшы,  
жүк толы жүрек зырқырап,  
Даламның Даусы, Ғаламның Даусы  
Заманның Даусы шырқырап!

Таң қалып қарап ғаламға таныс,  
от ойнап жанды көзімде:  
Далам да — Дауыс!  
Ғалам да — Дауыс!  
Дауыспын менің өзім де!

\* \* \*

Көп адастым, анашым, кешір мені!  
Қиын екен тағдырдың кесімдері.  
Ренжіттім көп елді. Сол жандардың  
көз алдымда дидары, есімдері..  
Көп адастым, жан анам, кешір мені.

Аз да демен күнәмді, көп те демен.  
Өзім үшін өзгені сөккен емен.  
Бірі менің кінәлап өрлігімді,  
ездігіме біреуі өкпелеген.  
Аз да демен күнәмді, көп те демен.

Не мінезім, не ісім ұнамаған  
Өкпелілер көп пе екен мына маған?  
Өзі күткен биіктен көріне алмай  
жүргеннен соң көбісі кінәлаған..  
Өкпелілер көп пе екен мына маған?

Жыр жазасың кей кезде еселетіп,  
өсек сөздің арқаңнан нәсері өтіп...

Біреулер бар рахат тапқан жаны  
шалыс басқан шағымды өсек етіп.  
Өсек сөздің арқамнан нәсері өтіп...

Не бар еді өлеңнен өзге менде?  
Ақталуға аялар сөз берер ме?!  
Мен өзімді ешқашан аямаймын,  
мені де аяп жатқан жоқ өзгелер де,  
Не бар еді өлеңнен өзге менде?

Неге маған ізгіні «Сүй!» демейді?  
Түйедей ғып көрсетіп түймедейді,  
Неге адамдар құрт құсап бір-бірінің  
жарасына құжынап үймелейді?  
Адамды адам неге осы «Сүй!» демейді?!

Қаңқу сөзден жүрегім менің — жалын  
Анашым-ай, жетеді шерім, зарым.  
Мені қойшы, бекем бол, өзіңді ойла:  
сонан азап шегеді-ау сенің жаның?  
Анашым-ай, жүрегім менің — жалын...

#### ТІЛ МЕН КӨЗ, БАС ПЕН ҚОЛ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Айта алмаймын тілім мүлде күрмеліп..  
Табиғатты тексереді кім келіп?  
Мәз болсын деп  
        ұқсасын деп ақынға  
біреулерді сайратыпты Тіл беріп.

Сөйтіп, тірлік танымастай өзгеріп,  
Өзгеріппіз біз де желеу сөзге еріп.  
Ұқсасын деп мергендерге,  
        табиғат  
біреулерді ырза етіпті Көз беріп.

Дүниеде мұндай дархан көрмедік,  
Бәрімізді қарық қылды-ау ол көріп.  
Бір бергенде мырза қолы мол беріп,  
Жендетті де ырза етіпті Қол беріп!

Табиғаттың бір бөбегі — Жер еді,  
Соғыстардан жанды жасыл желегі.  
Сол жендеттер сол қолымен, мінеки,  
Қолдан келген жерін өртеп келеді!

\* \* \*

Аман ба, Тәте, армысыз?  
Аспанда жүзген Ай — көңіл...  
Үстінде Жердің бармысыз?  
Армысыз, анам, әйтеуір.

Кейінгі кезде құстаңа  
боп кеттім неге мұнша мен?  
Төбеңнен өткен құстан да  
жүрсің бе жолдап бір сәлем?

Уақыт-ай, зулап ұшқан көп  
Ұрлайды-ау күнде жамалын.  
Сіз жақтан-дағы құстар кеп  
көктемнің берді хабарын.

Ақсораң жаққа ұшқанда,  
отыра қалып жүремнен,  
төбемнен өткен құстан да  
сан сәлем жолдап жібергем.

Сол құстар, Тәте, барды ма  
Көктемді алып жетекке?  
Қаңқылдап, шулап қонды ма  
Ақжарық деген бекетке?

Кеттім-ау, Тәте, алыстап,  
жүдеме, ойлап, күрсінбе.  
Өкпеңнің дерті тағы ұстап,  
талықсып қалып жүрсің бе?

Күркілдеп жатқан кеудеңде  
Қандай дерт екен, анам-ай?  
Ажалдың құсы келгенде  
экем де кеткен қарамай...

Күдіктің зілдей тауын да  
көтеріп келем бекем бір.  
Бәрін де тастап,  
                    ауылға  
аттанып кетсем бе екен бұл?

Білгендей соны: «Қолымнан  
бал ашамын» — деп, шаршамай,  
Тұрады күтіп жолымнан  
Цыганның қызы қаршадай.

Тыңдадым ұйып болжамын:  
— Әулием, айтып бергін,— деп.  
Сөзіне ылғи сол жанның  
тұрады, Тәте, сенгім кеп!

Аман-сау екен ел-аймақ.  
Әулиең айтып тұр, міне:  
болжады цыган  
                    мені ойлап  
көз ілмей жүргеніңді де.

Деді ол: «Жағдай қиын, көр:  
дімкәстау екен шешеңіз.  
Тағы да біраз... тиын бер  
оның да мәнін шешеміз!»

Жанымның бұлтты аспаны  
нөсерлер пері кезі кеп  
«Алыңыз мынау ақшаны!  
Айтыңыз — деймін.— Тезірек!»

Қартасын жайып жаңадан  
шомды ойға цыган не түрлі.  
Үстінде жердің әлі аман  
жүрген бір тәңір секілді!

«Сеніңіз мендей пендеге,  
жүрегі адал десеңіз:  
міндадар болмай емге де  
сауығады екен шешеңіз!»

Сөйлейді цыган шабытты,  
Қалтасы бүгін олжалы.  
Болашағында бақытты  
болатыныңды болжады!

Тыңдадым ұйып болжамын  
— Ерікті саған бердім,— деп.  
Сөзіне ылғи сол жанның  
тұрады, Тәте, сенгім кеп...

Уақыттың шеру, дүрмегі  
барады алып шығанға.  
Көрінбей... соңғы күндері  
із-түзсіз кетті цыган да.

Іздеймін соны көшеде,  
Көзіммен тінтіп...

Не екен бұл?

Адамды сендірмесе де,  
Алданыш керек екен бір!

Қонақжай әдет-ғұрпы мол  
жанына тұрған жарасып  
ауылда жүр ме, мүмкін ол  
енді еркін маған бал ашып?

Иесі — жел ме, дауыл ма,  
дегбіріңдердің бірі екен.  
Қалайша біздің ауылға  
Қаңғырып бармай жүр екен?!

Сан жерде ұлың сыналған  
Тап болып тағдыр кермесі.  
Мен жәйлі ешбір цыганнан  
ештене ести көрмесі.

Қыран боп шыңды шолам мен,  
кеудеме шабыт қонған соң.  
Адамның ұлы болам мен —  
анамның ұлы болған соң!

«Шуаққа менің мол жаным...» —  
десе егер біреу,  
мен гүлдеп:  
сөзіне ылғи сол жанның  
тұрады, Тәте, сенгім кеп!

Біреулер бөгеп жолымды  
жүрсе егер: «Құдай атты!» — деп.  
«Алыңыз — деймін — қолымды!  
Айтыңыз, — деймін — ақ тілек!»

Кім білсін,  
осы сөзімді  
Ұқты ма ол, жанға жақты ма?  
Арбап кеп менің көзімді  
алдап кеп... оғын атты ма?!



Кім білсін, осы бәрінен  
Қиындау...

Қайтіп жан бағам:  
алданып келем әлі мен,  
Әлі де қанша алданам?!

Таныс көп, Тәте, менде де  
дейтұғын: «Кетпес есеңіз,  
сеніңіз мендей пендеге,  
жүрегі адал десеңіз!»

Сенемін.

Ұқпас мені кім?  
Үмітке жаным кенелді:  
адамға деген сенімім  
алдамас мүмкін мені енді...

\* \* \*

Білер ме едің  
саған арнап біреудің жыр өргенін,  
өмірінің серігі болмаған соң  
өлеңінің пірі ғып жібергенін,—  
білер ме едің?

Періштедей бейнеге таң қалғанын,  
арбалғанын, елеске алданғанын;  
Алатауға сені іздеп сан барғанын,  
сан барғанын... таба алмай сандалғанын?

Біреу немденетін шекер, гүлің  
Махаббаттың біле ме бекерлігін?  
Не деп кеттім?

Қайдағы еске түскен  
Қасіретті зауал күн екен бүгін...

Еске алдым-ау өткенді бекер бүгін?  
Махаббаттың паш еткен бекемдігін  
мынау өлең — өзінің әйеліне  
ғашық жүрек жазған жыр екендігін —

Білмейді ғой! (Ішімнен тынам, жұртым!)  
Сол жігітке өлеңім ұнар бір күн:  
Ұнаған соң ер неме есі шығып  
саған да оқып беретін шығар, мүмкін.

Жоқ, білмей-ақ қойсыншы мүлде мені,  
бүлдіріп алып жүрме бірдемені.  
Бар нәрсені білетін жұрттың кейде  
бір нәрсені... жөн шығар білмегені!

Жат жанға ауса бар ынта, ықыласың  
азабынан сүюдің құтыласың.  
Екі-ақ адам білуге тиіс қой, бірақ,  
Махаббаттың ғажайып құпиясы...

\* \* \*

(Фаиз Ахмад Фаиздан)

Балалық патшалығындағы жылдар-ай жырақ!  
«Сүйемін!» — деп ең сонда Сен.  
Арман аңсаған!  
Үздіккен Сенің үніңді тыңдамай, бірақ,  
талақ қып тастап кеткен ем...  
Таң қалам соған!

Ғұмырымның патшалығындағы жылдар-ай жырақ!  
«Сүйемін! — дедім — Сүйемін!»  
Сембеді жағым...  
«Мен сөндім — жанып...» —  
дедің де тыңдамай, бірақ,  
талақ қып тастап кеткенсің Сен мені, жаным...

Жөнеуде жылдар беттегі пердені ысырып,  
Сенделіп жүріп  
Сен де өмір сүріп келесің,  
мен де өмір сүріп...

\* \* \*

Күз келді. Көзімді ашқанда,  
Көремін сұрғылт даланы.  
Құстармен бірге аспанда  
Жастық шақ ұшып барады.

Андыздап желі даланың  
алтын аймақтан түсті рең.  
Мен-дағы ұшып барамын  
осынау Жердің үстімен.

Қай жаққа? Қайда? Саралар  
шама жоқ менде, досым-ай.  
Алдыңғы толқын — ағалар,  
Олар да ұшқан осылай!

#### ПЕРІШТЕ

Әлі есімде,  
Күз еді...  
Ол бір елік лағындай қыз еді.

Махаббаттың құсы ұшып келді деп,  
Сүйіп едім, сүйіп едім елжіреп.  
Тұрып еді пәк жанары мөлдіреп.

Тұрып еді бір теректің қасында.  
Сары алтындай жапырақтар —  
шашында.

Махаббатқа жаратылған несібем,  
айрылғандай болып еді есінен.  
Мас боп тұрған ғажайып бір сезімге.

Махаббаттан басқа түк жоқ көзінде.  
Махаббаттан басқа түк жоқ сезімде.  
Он алтыда. Өртенетін кезінде!

Жанында оның басқаға емес,  
тап маған  
бір керемет бар секілді сақтаған.

Кеше көрдім сол Аруды табыттан!  
Дидарында жоқ ләззат, шабыт та.  
Үндемейді қоршап алған халыққа...

Топырақ сап кетті ел тарап.  
Расым ба?!  
Тек мен қалдым қабірінің басында.

Жылап жатып көрдім түнде —  
түсімде:  
жүрді жалғыз... таныс бақтың ішінде.

Тұрды үнсіз көк теректің қасында.  
Сары алтындай жапырақтар —  
шашында...

Дауыл соқты!  
Ағаш біткен сілкінді,  
көзінде оның қорқыныш бар бір түрлі!

Сонымен бір бейіш елін жүру үшін мекендеп,  
мен ойладым бір түйінге бекем кеп:  
«Маған да енді өлу керек екен!» — деп.

Сонда ол маған тірі адамдай тіл қатты:  
«Өмір сүру керек саған, қымбаттым!  
Бізсіз-дағы кете берер зырлап Күн:

Не көрінді саған, өмір түлегі?  
Қабыл болу үшін халық тілегі —  
Муза және Ақын өмір сүреді!»

Солай деді ол о дүниеден оралып,  
омырауы көз жасына боялып.  
Сол дауыстан кеттім мен де оянып!

Жылдар өтті. Найзағайдың күркірі  
жанғырығып тұрған кезде сілкініп  
мұңды қызбен таныстым мен бір күні.

Сол күні оны көрдім тағы түсімде:  
Жүрді жалғыз таныс бақтың ішінде.  
Тіл қатты ол. Көзінде мұң бар еді:

«Саған, жаным, басқа ару сай еді.  
Ақын деген — мұңды адам. Сондықтан  
шат сезімді болу керек әйелі!»

...Жарым менің осы ма деп іздеген  
таныстым бір көңілділеу қызбенен.  
Түсімде оның сондағы айтқан сәлемі:

«Саған, жаным, басқа ару сай еді —  
Ақын деген — көңілді адам. Сондықтан  
аздап... мұңды болуға тиіс әйелі!»

Жылдар өтті Дауылынан — шаң ұшты...  
Жетегіне ермей асау ағыстың,  
Өзімнің өр сезіміммен алыстым.

Талай қызбен таныстым мен Жердегі.  
Бәрібір ол ешбіріне көнбеді,  
бәрібір ол ешбіріне сенбеді.

Он алтыдан келді отыз жасына.  
Бір күні мен бір қызды ертіп қасыма  
бардым оның қабірінің басына.

Тұрдым үнсіз ғашық жүрек дүрсілдеп...  
Сонда әлгі қыз сырға толы бір тілде  
сұрап еді үрейленіп: «Бұл — кім?!» — деп.

Айттым бәрін... ақ тілегін құп алып.  
Жанарынан тамшы жастар тұр ағып,  
Екеуміз де егіліп бір жыладық!

Сол түні оны түсімде көрдім. Шабытты  
сөйледі ол Шашы ағарып қалыпты:  
«Жаным! Саған осы әйел лайықты!

Ұмыт мені! Ұмыт бәрін! Табытты  
Өзгелердің қайғысы үшін жылаған  
адам ғана болуға тиіс бақытты!

Жаным! Саған осы әйел лайықты!»

\* \* \*

Келеді алып қашқым —  
жегідей жеп, жанымды құса қылған  
түн аңдыған бұзықтың пышағынан;  
жасындардан кенеттен жарқ ететін,  
сұлулық пен пәктікті тәрх ететін  
Дон Жуанның темірдей құшағынан!

Керағарды қалайша келістірем?  
Көзім алды — қайшылық, керіс кілең!

Болсам егер қырандар санатында  
қысып алып өзінді қанатыма  
алып қашып кетер ем Жер үстінен!

\* \* \*

Түсі суық тағдырдың, түнерулі.  
Жыларыңды білмейсің, күлеріңді...  
соғысса да ол мені жеңе алған жоқ,  
жаралады тек қана жүрегімді.

Жылайсын да, қайтесің, күлесің де,  
талай-талай дүрбелең жүр есімде.  
Күрессе де ол мені жыға алған жоқ,  
Итерді кеп тек күл мен күресіңге...

\* \* \*

Жылнамамның отыз бес бетін ашыппын,  
Көзім бар шығар арнамнан кеткен асып тым.  
Тірлігін кешіп көргем жоқ тегі Пасықтың,  
Асықтым... Асқақ мұраттарыма асықтым.

Отыз бес... Осы жасаурап неге отыр көз?  
Көктемім қайда, көз байлап жүрген соқыр кез?  
Суыма, жүрек, он сегізіннің отын сез!  
Жер Күнді қанша айналып шықты? Отыз бес!

Отыз бес рет айналдым Күнді — һас тұлға,  
Отыз бес рет кез болдым ба екен тасқынға.  
Арбалдым, иә... Таң қалдым көзімді аштым да:  
Өмірден өткен ғажап жоқ аспан астында!

О, Өмір! Саған ғашықпын! Мәңгі ғашықпын!  
Сұлулығыңа тәнті боп көзімді ашыппын.  
Ғұмыр сүруге хақысы бар ма пасықтың?  
Асықтым... Соны айтуға ғана асықтым...

Жігіт ағасы — кешегі тентек бүлдіршін,  
Менімен жүрсін бүлдіршін... сол не бүлдірсін?  
Зілзала ойлап шығарды-ау нелер білгір сұм...  
Жер Күнді қанша айналар екен? Кім білсін...

#### ҒАЛИЯ АРУ

##### 1

Ғалия Ару, аяулы Періштем едің.  
Серікке серік болуға келіскен едің.  
Бейіш дер едім өзіңмен өткен өмірді  
Періштем едің кездескен бейіште менің.  
Ғалия Ару, аяулы Періштем едің.

Он сегіздегі мазасыз кезімдей шынар  
кез келді-ау маған дөңбекшіп көз ілмей шығар.  
Алатау жақта туғаның болмаса, жаным,  
Көкшетаудағы Ғалия өзіңдей шығар?

Ойларым мені барады тығырыққа алып:  
жүрсін бе менен бір жерде тығылып, талып —  
кездесіп менен басқа бір Балуан Шолақ  
Махаббат деген күресте жығылып қалып?!

Ғалия Ару, қайтейін, дір етер жаным...  
Жаныңды сенің жаулаған кім екен жалын?  
Махаббат деген күресте жығылған болсаң —  
Балуан Шолақ әлі де тірі екен, жаным!

##### 2

Бас ием мен де, ерік жоқ сен дегенде,  
Болса еркім ессіз жандай сенделем бе?  
Ханыша болсаң да бас имес едім,  
Махаббат жаһангері жеңбегенде!



Бас нем, өлең болып өрім кеуде,  
қайтейін, сөгілгенде... өрілгенде?  
Бас нем. Армандасым!

Қайран басым  
іліп көрген емес көрінгенге!

Бас нем. Бағындыра түстің мені.  
Бас нем. Табындыра түстің мені.  
Жалғанда жүрегіме жақын — Сенсің  
адамнан жұмыр Жердің үстіндегі!

Бас нем махаббаттың мас... құрбаны  
абдырап, ағар көзден жастың бәрі.  
Жалғанда жүрегіме жақын — Сенсің  
адамнан аспанымның астындағы!

Бас нем, менде ерік жоқ сен дегенде,  
болса еркім ессіз жандай сенделем бе?  
Ханыша болсаң да бас имес едім  
Махаббат жаһангері жеңбегенде!

Бас нем. Басымды нем мен саған кеп,  
кешпейтін күнәнді де кеше алам деп.  
Өмірде бір әйелге бас имеген  
еректі мен ойлаймын есалаң деп.

3

Жүрегінде  
жүремін мен мәңгі өмір сүремін де.  
Қиын екен қоштасу!

Бірақ, жаным,  
оңай нәрсе бар ма еді бұл өмірде?

Жылаймын ба, құдай-ау, күлемін бе?  
Өкініш бар өртенген реңінде.

Жүрегінде  
жүремін мен мәңгі өмір сүремін де.

Жұмып алып көзінді, жүдедің де  
сүңгіп кеттің тағдырдың түнегіне.  
Қолына ұстап оқып көр: менің атым  
жазулы тұр жаралы жүрегінде!

Жүрегінде  
жүремін бе, мәңгі. Өмір сүремін бе?  
Ол — белгісіз! Әйтеуір, сенің атың  
жазулы тұр жаралы жүрегімде...

4

Бір көрсем деп ем мен сені  
болса егер, жаным, бас аман,  
тұлғанды мәрмәр еңселі  
талғампаз тәңір қашаған.

Шіркін-ай, жолым бола ма  
Сен жүрген жұмбақ қалаға?  
Қалада — сен, мен — далада...  
Біраз жыл өткен арада.

Көзімнің алды теңіз боп,  
ерніңе шөлдеп, қаталап,  
қаңғырып кетсем сені іздеп,—  
Мекенсіз, жайсыз, Махаббат!

Жүйрікке зымыран мініп ап  
біткенше бойдан хал, күш те,  
ақсам-ау, шіркін, зымырап  
адасып тапа-тал түсте.

Түкпірін шарлап қаланың  
таба алмай Сені әлі мен,

34

автобустағы адамның  
сұрасам деймін бәрінен.

Елемей елдің кесірін,  
арманның айтып азасын,  
күллі елдің қағып есігін  
алсам-ау деймін мазасын!

Қаланың халқы елендеп  
айтса аңыз адам білмеген:  
«Ауылдан Серік деген кеп  
Ғашығын іздеп жүр!» — деген...

Көшеде қаңғып жүр екем  
жанымды сүмдар азаптап.  
«Ромео әлі тірі екен!» —  
деп күліп жатса мазақтап.

Қаланың көне сектасы —  
әйелдер аяққа жандарша:  
«Кім екен Джульеттасы?!» —  
деп шіркін сонда таң қалса!

Біреуі сонда асығып:  
«Білеміз оны біз десе —  
Асылы оның, ғашығы —  
Ғалия деген қыз! — десе...

Табамын!!! Күә — түн, жұлдыз!  
Қайтпаймын осы антымнан!  
Ғалия деген күллі қыз  
қорқады сонда даңқымнан!

Естісең Сен де бір күні  
аңызды осы гулеген.  
«Бір дәруіш келіп (күлкілі)  
Ғашығын іздеп жүр!» — деген.

Таба алмай сені,  
құлап та,  
сүрініп... суға малтығып,  
Қонақ үй дейтін жұмаққа  
жетермін шаршап-шалдығып.

Тұрғанда шошып мен ертең  
кейпімді келіп көрсеңіз:  
көзіме түсіп телефон,  
есіме түссе — 09!

Тауып ап сонда таң атпай  
Телефонның номерін,  
атылған асау шараптай  
аптығып кетсе көңілім.

— Ғалия! Шерлі ділімде —  
жанталас!

Қайтсем жетем-ау?  
Осынау жердің түбіне  
сандалып келген екем-ау?!

Не дейін? Тамыр-таныстан  
естіп пе ең өсек гулеген:  
Бір дәруіш келіп алыстан  
ғашығын іздеп жүр!» — деген.

Сол — менмін! Шарлап қаланы  
Сені іздеп жүрмін әлі мен.  
Автобустағы адамның  
сұраған едім бәрінен.

Елемей елдің кесірін  
жанымның айтып азасын,  
күллі елдің қағып есігін,  
мен едім алған мазасын!

«Ал, қош бол!» — дермін. Тілсіздік.  
Тағдырым іштен тындырып,  
махаббат деген — Үнсіздік,  
жүректе тұрар шыңғырып!

Шерімді өстіп айтамын.  
Сонан соң өксіп өз басым  
ауылға қарай қайтамын  
көзімнен ағып көз жасым...

Купелес елді еріккен  
жай-күйім сонда мазалап:  
— Келесің жылап неліктен?  
Не болды,— десе — азамат?!

Үндемен. Мылқау пақыр ем...  
Осы елдің бәрі пейілі шат —  
алғашқы махаббатымен  
қоштасқан жылап мен құсап!

5

Арман — жүрегім:  
бір ұштын-ау көзден бұлдырап қайран күндерім.  
Махаббат деген бейіште сайрап жүр едім...  
Жат еркек сүйген көзіңнен түнде жастыққа  
жас ағып жататын шығар, қайдан білейін...

Назалы жарым,  
ашамын қалай көңілдің аза мұнарын?  
Аз ғұмырда адасқан ғашықтар осы  
айрылысқан аққулардан да азалы, жаным!

Айнакөл алыс бұл маңға.  
Адасқан аққу көріп ем таныс бір маңда:  
Адамның қасіретінің бәрі түк емес  
Ғаламның қасіретімен салыстырғанда!

37

Сені іздеп күнде көз тіктім Күншығысқа да.  
Не көрдім? Маған қарашы! Күрсініп қара:  
Кімдікі болса махаббат — сонікі өмір!  
Қалғандардікі — әншейін тіршілік қана...

6

— Ұш! — дейді Уақыт сыпырып томағасын,  
фәнилік сапарыңды доғарасын.  
Ертегі мен аңызда айтатындай,  
мынау жарық жалғанға қайта тумай,  
сен де, нә, із-түзсіз жоғаласың.

Өзгереді өмір де не түрге еніп,  
Дауылына Уақыттың бетін беріп  
біз қаламыз көп жайды байқай алмай:  
аққулар да кетеді қайталанбай  
Тәттімбеттің күйлері секілденіп!

Неткен қатал, сұм тағдыр, керек еді,  
Ғашық жанның тілегін елемеді.  
Маздап жанып, һәм бықсып сөнбеу үшін,  
барлық қателігіңді жөндеу үшін,  
Саған —  
қайта бір туу керек еді!

7

Бір-бірінің біле алмаған хабарын  
ана ұлымен кездесіпті зарығып:  
сағыныштан сонда ғазиз ананың  
шер жүрегі кеткен екен жарылып...

Жаным! Мен де сол анадай, жүремін  
іздеп сені, күтіп сені — зарығып.  
Кездесерміз... сонда ғашық жүрегім  
быт-шыт болып кетсе екен жарылып!

38

Кездестірші сол қызға мені бүгін,  
Қайта тусын баяғы сері жырым.  
Баяғыда бал болып елестеген  
бір тататын шырынын ерінің.

Кездестірші... Ару бақ, саялы жай!  
Жалғыз қаппын жаһанның саяғындай.  
Дарияның аққуы — Фаляһның  
Тәні, жаны ақ па екен баяғыдай?

Уақыт жүзі алмастай өткір екен,  
оған да оның ойраны жетті ме екен?  
Қара шашын қайта бір сыйпайыншы,  
әлде бордай ағарып кетті ме екен...

Қараң затты айтпашы, жаман затты,  
тамам затты көрсетпе, маған жатты.  
Талқан қылып қайтесің табыт үшін,  
бақыт үшін жаралған адамзатты!

Кездестірші.

Мені енді торықтырма.  
Жолықтырғың келмей ме? Қорықтың ба?!  
Арамызға ақжолтай болып тұр да  
Кездестірші баяғы қыз күнінде,  
Өйтпейді екен — мәңгілік жолықтырма!

Ертегіге сенуші ем — қасиетім,  
әлемім, сөз жоқ, онда әсіре тым:  
«...Асылығың жынданып кеткен — дейді,—  
Ғашығының көргенде қасіретін..»

Жаным толы мұнды ойлар күдікпенен,  
Сенен басқа ешкімге сүйікті емен.  
Жасымды көр жанардан ірікпеген.  
Құлап кетпей, әйтеуір, жүріп келем.

Әбден қажып, әлсіреп, жүдеп, арып,  
жүрегімді сағыныш зілі қарып,  
құлап кеткім келген-тін шыңырауға  
көздерімді тас қылып жұмып алып!

Жүріп келем. Махаббат — елес ескі.  
Құндақтаулы сырымды неге шештім?  
Жүріп келе жатқанның бәрі бірдей  
өмір сүріп келеді демес ешкім...

Кім ұмытса сүйгенін — күнә сонда.  
Жүрек кілтін жат жаннан сұрасаң да,  
Жанарыңды тас қылып жұмып алып,  
Саған жетіп құлармын құласам да!

Саған жетіп құлармын...

Қасіретті  
менсіз-дағы қаншама гашық өтті?  
Өліп-өшіп өзінді сүйген әйел  
қателесіп жүрсе де — қасіретті!

10

Ар-ұятын талақ еткен сан төстің —  
саусақтарды саралап бақ, жанкештім:  
қаламдікі — саусақтары Пушкиннің,  
қанжардікі — саусақтары Дантестің!

40



Ол жақта орта өзгерген...  
Өткенді көкөп, зарығып,  
ойсыздар айтқан сөздерден  
кеттің бе әбден жалығып?

Өмірдің көздеп төр жағын  
ел жүрсе іші майлы боп,  
өленді сүйген өр жаның  
өзіңе жүр-ау қайғы боп?

Көзге ілмей сонда өзге елді,  
өзге бір өрттен жанып іш —  
шарлайсың киоскілерді  
есіңді алып сағыныш.

Өрекіп сонда көңілің  
ішінен өрттің шыққандай,  
газеттің жаңа нөмірін  
аласын сатып түк қоймай.

Таусылып төзім, шыдам да,  
тұрасың лағып, сандалып.  
Ондағы сатушылар да  
қарайды саған таң қалып!

Пендесің сұмдық дәлелі,  
қиялды шынға балайсың.  
газеттердің де әуелі  
төртінші бетін қарайсың.

Махаббат — жұмақ әні бір,  
есту де арман сырлы үнін;  
таппайсың іздеп бәрібір  
жоқ онда менің бір жырым...

Жалтақтап жатқа, досқа да  
жас жүрек сауға сұрасын:  
кіресің сонсоң почтаға,  
онан да құр қол шығасын.

Көңілің қалып оңбай, шын,  
ала алмай хабар ар ма деп,  
кей-кейде, тіпті, ойлайсың:  
«Өмірде өзі бар ма?!» — деп.

Жоғалып кетем:  
Күллі елдің көздерінен де,  
пыш-пыштың сөздерінен де,  
тіршілігімді доғарып —  
жоғалып кетем... жоғалып...

Жоғалып кетем:  
домбыра шектерінен де,  
газеттің беттерінен де;  
тіршілігімді доғарып,  
жоғалып кетем, жоғалып...

Жөңкіліп сері адамдар,  
залдарға думан саз қонып,  
кафелер, ресторандар  
менсіз де жатар мәз болып.

Жоғалып кетем қаладан,  
жоғалып кетем даладан;  
жоғалып кетем көңілден,  
жоғалып кетем өмірден!

Не дейсің мендей пендеге?  
жоғалдым...

Басың шатылды:  
почтаның жәшіктері де  
Ұмытқан менің хатымды!

Вокзалдан ізде боп алаң,  
тоғысқан торап шеттерден;  
поездан күллі жоғалам,  
жоғалам самолеттерден!

Сол кезде мені, адалым,  
жүрегін уақыт суытып,  
өзіңнен басқа адамның  
қалады бәрі ұмытып!

Алдамшы сезім бұл бәрі,  
арбалма оған, ақ таңым:  
мен онда Адам туралы  
поэма жазып жатқанмын...

12

Қара бұрым...  
Қанша мәрте жырланды?  
Қаснетін білер оның ер кісі.  
Неге «Қара жүрек!» — дейді сұмдарды?  
Қара бояу —  
Сұлулықтың белгісі!

13

Біз қоштастық. Содан бері қанша жыл?  
Өмір сүріп келем әлі мен сен деп.  
Айдай ару дидарыңды аңсадым  
ең болмаса бір-ақ рет көрсем деп.

Сол күндерден енді қандай белгі бар?  
Көрдім бірде түсімде: тау ішінде.  
«Мені күнде шақырушы ең, келдім, ал,  
өңімде емес — дедің сонда — түсімде...»

43

Біздер — жарық дүниенің қонағы.  
Ғалияшым, Серігінің теңісің.  
Тек түсімде көріп тұрсам болады,  
өң не, түс не — бәрі де бір мен үшін!

Жатқан қуыс көкірегінде ит өліп,  
жаралайтын жүрегіңді күліп кеп  
пенделерді өңменінен итеріп,  
өзімнің кеп құшағыма кіріп кет!

Түс көр өстіп... шерімді іштей түсін де,  
есте қалмай есер тағдыр мұңы түк,  
Мен де Сені аймалайын түсімде  
әлемдегі әйелдерді ұмытып!

Келші, жаным... лапылдап тән бір ысып  
табысайық көктеменің күні сол.  
Адам деген түсінде де сүйісіп,  
Түсінде де күресуге тиіс — ол!

14

Көзімнен адал жүрегім байқалмады ма?  
Сенбеймін мәңгі, сенбеймін сайқалдарыңа!

Сенбеймін тіпті өліп-өшкен сөздеріне де,  
өтірік күлген жымысқы көздеріне де.

Сенбеймін мәңгі, көргенде шамданып қалам!  
Сүйіктім! Неге қарайсың таңданып маған?

Серігің сенің, япыр-ау, сенгіш-ақ па еді?  
Сүйе алмайды олар ешқашан сен құсап мені!

Өксиді олар өзгені өкініп тұрып,  
өтірік сүйіп-күйеді, өтірік күліп...

44

Сенбеймін! Тіпті көз салман тұр-түсіне де,  
Көз жасына да сенбеймін, күлкісіне де!

Аяғға сеніп алданып, арбалып-талман —  
Осыдан бұрын оңбай бір алданып қалғам...

15

Еңіреген зарлы ұлдарың  
махаббатқа бағынады.  
Эпостағы Тарғындарың  
Құртқа аруын сағынады.

Қисса болып жалыны іштің  
ғасырларға жетеді жыр.  
Парағы елес бағыныштың,  
Сағыныштың мекені бұл.

Содан қалған ізгі өлеңдер  
рух болып осы арада.  
Әуре болып іздемендер  
Төлеген жоқ Қособада!

Жоқ ол Тәнін  
жалын іші,  
ұшып келіп, танып көктен.  
Қыз Жібектің Сағынышы  
Ақжайыққа ағып кеткен!

Мен де өлермін дарияның  
жағасында.

Жалын — ішім...  
Пәк тәнімді Ғалияның  
қасына апар, Сағынышым!

45

Құстар келді.  
Қыстар келді.  
Күндер келді.  
Түндер келді.

Тағы да құстар...  
тағы да қыстар...  
Тағы да күндер...  
Тағы да түндер...

Сені күтем жүрек лаулап жанса да  
әбден жүдеп, айырылып әрінен.  
Келіп, кеткен Аяз-Ата қаншама?  
Сені күтем.

Сені күтем әлі мен...

Сені күтем Сағынышқа жан — ұя.  
Сол сағыныш ғұмырдағы жолдасым.  
Міне, отыз жыл... сені күтем, Ғалия!  
Басқа қызды күтсем — жолым болмасын!

Сені күтем,  
сені күтем алаңдап  
біздің үйде ғана сөнбей жанған нұр.  
Шырт ұйқыда жатқан кезде адамзат  
бөлмеме осы кіріп келіп таң қалдыр!

Ақ көйлегің ақша бұлттай әдемі,  
көрсем сені, көздерімді ашқанда.  
Саған арнап жүрген құсым бар еді,  
Соны ұшырып жіберемін аспанға!

Осы күнді қанша күттім демейін.  
Көз жасыңды үзіп... сен де жасыма.

Аяулымды — Анамды ертіп келейін  
жаюлы осы дастарқанның басына.

Таң қалайын өңім бе деп, түсім бе?  
Маңдайыма жазылса да тірлік-той:  
өмірдегі думаныңның ішінде  
Анамыздың болмағаны — сұмдық қой!

Аруына баламай бар жер-көктің  
сені анам да күткен талай қырды асып.  
Достарды ертіп келу үшін мен кеттім!  
Біз келгенше отырындар сырласып.

Достар келді.

Суша көңіл сапырам.  
Мені әлі де тұр ғой күтіп жол-ана.  
Әлемдегі әйелдерді шақырам!  
Әйелдерсіз әсем думан бола ма?!

Дарымаған тәніне от, оқ әрі  
жігіттер де келіп, шықсын жоғары.  
Жер бетінде той түгілі, жаным-ау,  
еркектерсіз соғыс та өткен жоқ әлі!

Біздің үйде өткен тойдың дүбірі  
жетер елге шықпаса да Күн әлі.  
Мына әлемнен қасіретің түгілі,  
шаттығын да жасырғандар — күнәлі!

Сені күтем.

Сені күтем алаңдап  
біздің үйде ғана сөнбей жанған нұр.  
Шырт ұйқыда жатқан кезде адамзат  
бөлмеме осы кіріп келіп таң қалдыр!

Құстар келді.

Қыстар келді.

Күндер келді.  
Түндер келді.

Тағы да құстар...  
Тағы да қыстар...  
Тағы да күндер...  
Тағы да түндер...

17

Жүрегім менің —  
Махаббатымның Меккесі ол  
Ғашықтар Планетасы ол.  
Жасын боп шыққан түнектен,  
жырымен бүкіл ізгі көңілге гүл еккен,  
аналар менен балалар елін жыр еткен;

рухын Күннің көретін Нан мен күректен,  
Бухенвальдтарда ашу-ызамен бұрқанып,  
Хиросимада дір еткен —  
мен сені сүйем осындай жұмыр жүрекпен!



АДАМ АТА МЕН ХАУА АНАНЫҢ  
ҮЙЛЕНУІ

(поэма)

*Ғ. Мүсіреповке*

О, Ғабе!  
Сізге тартам жырдың гүлін!

1

Алланың сарайында қырғын бүгін:  
қасиетті жұмақ-ай,  
қасіретті,  
қандай еді осыдан бір күн бұрын?

Мәңгі көктем,  
жап-жасыл жайған құрақ —  
сайран бұлақ  
ағып жатқан секілді Айдан құлап.  
Қайран жұмақ!  
Баяғы дәуреніңе  
қайта оралар күн бар ма?!  
Қайдам, бірақ...

Тап болды-ау бір сұмдыққа бейіштегі ел,  
Алла айтса, Айдың жүзі тегістелер:  
Күдайдың айғай салған атойынан  
Тұрды атып ұйқыдағы періштелер!

Көздерінде — күмәнді сұрақтары  
шулап жүр періштелер шұбап бәрі.  
Қайда қашып кетті екен ізсіз-түзсіз  
Адам мен Хауа шіркін жұмақтағы?!

Дидары жұмағынның мұңды бөтен:  
қалайша қаусап қалған құнды мекен?  
Адам мен Хауа кеше жұмақта еді,  
Бүгін жоқ!  
«Ойбай!!!»  
«Мынау сұмдық екен!»

Құдайдан бола ма енді қайыр, үміт,  
Қаусады-ау қанатынан қайырылып,  
Алланың ашуынан аспан асты  
кете ме қас қағымда айырылып?!

Жарқылдап жасын от боп төгілді көк.  
Жапты бір өлермен бұлт өңірді кеп.  
«Айқайлап, бүйтіп ашу шақырмайтын,  
апырым-ай, Аллаға не көрінді?!» — деп.

Келді ұшып періштелер бәрі, міне,  
үндемей қалды қатып!  
«Әміріңе әзірміз!  
Не қалайсыз?» — деген жүзбен  
қарады қасиетті Тәңіріне.  
Сонда Алла ала көзін ашып...  
Кекті  
даусы күңіренді басып көкті.

А л л а :

Адам мен Хауа түнде жасырынып  
аспанды тастап қайда қашып кетті?!

Көк тұман — жалғыз елес жанардағы,  
Бұл фәни бір пәлеге арандады.  
Сұмдықты мұндай ешкім естімеген  
Дүние дүние боп жаралғалы!

Әзәзіл ғана ішінен күліп қалған  
жан-тәні улы оймен ұрықтанған.  
Алланың қасындағы төрт періште  
аспаннан жай түскендей тұрып қалған!

Аң-тан қап абдырап тұр бәрі, міне,  
жаутандап:  
«Әзірміз — деп — әміріңе!»  
Аспанға Алла үкімін жеткізетін  
Қарады Жәбірейіл тәңіріне...

Жүрегі лүп-лүп етіп лапылдаған  
Исрафил Алласына жақындаған;  
талайғы арманы еді-ау,  
дүниеге  
дәп бүгін келді ме деп Ақырзаман?!!

Қиялда тозағыңа қонып-ұшып,  
қызық бір қияметпен жолығысып  
атақты жан алатын Әзірейіл  
эзер тұр осы сәтте қолы қышып.

«Жүргем — деп — көзсіз соқыр болып қалай?!» —  
Бақ құсы басқа кеткен қонып талай.  
Тәртібін бақылайтын аспаныңның  
сондайғы Микайлдың қорыққаны-ай!

Тұр бәрі жас мөлдіреп кірпігінен..  
Күн болды періштеден бір түңілген.  
Алланы арбамақ боп осы жолы  
сөйледі сонда Әзәзіл сиқыр үнмен.

Әзәзіл:

О, тәңір!  
Мен бір жүрген пендең ғаріп!  
Тәртібін жұмағыңның келгем бағып:  
жүр екен төрт періштең түк бітірмей  
қолын сап қалтасына кердең қағып!

Айтамын!  
Асыра айтсам ашуланба!  
Аллам-ау, ойлансаңшы...  
Басың бар ма?!  
Ақкөңіл жүрегіңнен айналайын,  
сенесің неге мынау масылдарға?!!

Не істеп жүр?  
Не батып жүр арқасына?  
Бақыла  
жасырын бір бар қасына:  
Мәз боп жүр түк бітірмей, есі шығып  
Жұмақтың қазысы мен қартасына!

Тілді алсаң — тілазардан құтыласың!  
Немене?  
Неге маған шұқиясың!  
Білмесе егер бұлар... мен білемін  
Адам мен Хауаңыздың күпиясын!

Айтайын!  
Ақиқат қой — жан қиярым!  
Берейін бетін ашып қанды ұяның:  
Адам мен Хауаң сүйіп бірін-бірі  
аспаннан қашып кеткен,  
Алдиярым!

Айтайын...  
Айтпай қалай жүре аламыз?

Тұрғам жоқ қиялымнан құрап аңыз:  
қай жаққа қашып кетті күнәһарлар?  
Білмеймін!  
Оны менен сұрамаңыз!

Ал, Сіз ше?  
Қандай ой бар басыңызда?!  
Қараңыз анау көзді ашыңыз да:  
аспанда тәртіп деген қожырады  
ақымақ періштелер қасыңызда...

Қайтейін қайран көңіл толса мұзға,  
айбарлы алтын таққа қонсаңыз да,  
қайтеміз ашуланбай,  
Дүниені  
жаратқан жалғыз Алла болсаңыз да,

Таппасыз серік болар керім ерді!  
Азбасын десең егер елің енді  
сен мені Періште қыл,  
Хақтағалам, қаңғытып жібер мынау перілерді!

— Жок,— деді,— бірақ Сізден қайыр, үміт,—  
Әзәзіл қанатынан қайырылып..  
Қалыпты төрт періште төмен қарап  
жүрдай боп беделінен айырылып!

Қиялда тозағына қонып ұшып,  
қызық бір қияметпен жолығысып,  
Атақты жан алатын Әзірейіл  
қарады Әзәзілге қолы қышып...

Ә з і р е й і л:

О, Алла!  
Жаббар нем!

Ақ Аллам-ай!  
Жіберші Әзәзілді маған қарай!  
Жүріпті бәрін сезіп, бәрін біліп...  
Таң қалам:  
Қайда жүрген хабарламай?!

Осында жатыр бұғып арам зат бір...  
Сенбеңіз!  
Қанды қолы жалаңдап бұл —  
Қашырып жіберді де ғашықтарды  
енді кеп бізді Сізге жамандап тұр!

Сөйледі сонда Алла таң қалдырып:  
— Өтіпті басымыздан бейқамдылық.  
Жазасы Әзәзілдің оңай маған,  
Мен мұны жіберейін Сайтан қылып!

Түр бәрі шықпай демі, үндері де,  
ұялап қорқынышты ой ділдеріне.  
Әзәзіл әп-сәтте бір Сайтан болып  
әлемнің ұшып кетті бір жеріне...

Қай жаққа кетті ол, кіммен қауышуға,  
аспаннан қалай көнді ауысуға?  
Кім соны ойлап жатсын,  
аспан асты  
Алланың құлақ түрді дауысына.

А л л а:  
Бұл не сүмдық?!  
Күнәні кешпек емен!  
Алламен де ісі жоқ, ештеңемен,  
Махаббат деп ездуден ескен өлең —  
Адам менен Хауаның бұл қылмысын  
Өмірбақи, өлсем де кешпек емен!

Махаббат — жоқ!  
Әлемде — біз ғанамыз!  
Қайдан шыққан мынандай зілзалаңыз?!  
Адам — Надан  
бағынып Махаббатқа,  
қағынды ма қаршадай қыз баламыз?!  
Махаббат — жоқ!  
Әлемде — біз ғанамыз!

Іздендер!  
Тап!  
Кез күллі жат алапты!  
Мені қызыл қанына қаталатты..  
Адамды да жараттым, Хауаны да,  
Жаратқам жоқ бірақ мен Махаббатты!

Махаббат не?  
Бұл кімнің ыландары?  
Айтшы маған:  
алдайды кім Алланы?!  
Махаббат не?  
Ордамның қырандары!  
Адам менен Хауаның оңашада  
осы екен ғой ойланып шығарғаны...

Іздендер!  
Тап!  
Кез күллі жат алапты!  
Мені қызыл қанына қаталатты..  
Алланың да қаһарын талақ еткен  
кешірмеймін кесірді Махаббатты!

Ізде деймін!  
Көз бүкіл атырапты.  
Қабырғамды оңдырмай қақыратты..  
Алдыма

Алладан да қорықпаған  
алып кел Адам деген ақымақты!

Адаммен бірдей ме екен Алла құны?  
Сұлуым... сергелдеңге салды ақыры...  
Шашынан сүйреп тұрып,  
шырылдатып  
алып кел Хауа деген салдақыны!

Дегенім жоқ Хауаға:  
«Бала көтер!»  
Адам өзін Аллаға балап өтер!  
Махаббаттан,  
Адамнан туған Бала  
тәңіріңнің тәлкегін талақ етер!

Мен — Құдаймын!  
Үкімді саралама!  
Алла әмірі қайтадан қарала ма?!  
Адам Ата, Хауа Ана кіндігінен  
адамзаттын ұрпағы жарала ма?!  
Құрылықтардан құрылыққа тарала ма...

Жоқ!!!  
Сан түрлі күдікті ой келер басқа,  
қайдан шықты Махаббат деген қасқа?!  
Құдай біреу Әлемде! —  
Мен ғанамын!  
Ешкім құдай болмайды менен басқа!!!

2

Есінен танып қалды бейіштегі ел.  
Алла айтса — Айдың жүзі тегістелер:  
Құдайдың күдіретті бұйрығымен  
аспаннан жөнелді ұшып періштелер.



Іздеп жүр!  
Құрылықтарға бөлінеді,  
Таппаса — таралғысы өлім еді.  
О, сұмдық!  
Махаббатты солар әлі  
шарқ ұрып іздеп жүрген көрінеді!

Іздеп жүр!  
Дүниенің көр — түнегі.  
Атасы қуғындаудың сол түн еді.  
Адам мен Хауаңызды тауып алса  
мыналар буындрып өлтіреді!

Іздеп жүр!  
Махаббатты сақтағай да!  
О, ғажап!  
Қара мынау бақталайға:  
Адам мен Хауа болса,  
Алматыдан  
келген-тін күліп ойнап Ақтоғайға.

Ұстатпай жендеттерге, жауларына  
жеткен-тін Сарыарқаның аумағына.  
Қос ғашық қолтықтасып шыққан еді  
Қырмызы Қызыларай тауларына.

Сұлулық тұнып тұрған шартарабы,  
мамырлап Махаббаттың шалқар әні,  
аң-таң ғап қарап еді ғашықтарға  
ақындар туатұғын Қарқаралы...

Таң қалып адамдарым, жарандарым,  
несіне қарайсыңдар маған бәрің?  
Адамның ұрпақтары Жер бетіне  
осы бір қос ғашықтан жаралғанын.

Біле ме ел?  
Өзім де дал болдым әптен...  
Келемін сендіре алмай қалжырап мен.  
сен біздің байқап сөйлес шаңырақпен:  
Сүйгенін  
атам қазақ құдайыңнан  
сұрамай  
алып қашқан арғымақпен!

Махаббат қиссалары мұңды кілең,  
бабамды білмегенде кімді білем?  
Кім білсін,  
алғаш біздер жаралдық па  
Адам мен Хауаңыздың кіндігінен...

Бірінші, екінші деп алдайтұғын  
пенде емен.  
Ел көп оған нанбайтұғын.  
Халқым бар дәл осындай, соны ұмытпа,  
Адам мен Хауаңыздан аумайтұғын!

Аңыз көп Адам жәйлі бұрындағы,  
Сол жырдың жалғасы ғой мұның бәрі.  
Арулар —  
жерге түскен бұрымдары —  
аяулы Хауа ананың құлындары!

Алма мен Арман болған қоректері  
бірінен-бірі адамның бөлек пе еді?  
Қалайша быт-шыт болды қапылыста  
Адам мен Хауа ананың бөбектері?!

Алланың қаны оған қаталапты  
соңына салды-ау талай жапалақты...  
Есесі кетіп қалған Жаббар не  
ешқашан кешірмейді Махаббатты!

Қалмады қаснетті бейіште рең,  
Іздеп жүр ізшілдері тегіс кілен.  
Ақыры іздеп-іздеп таппағанда  
Өзәзіл көрсетті оны Жер үстінен.

Өзәзіл (Сайтан):

О, Алла!  
Түсінбедің сен де мені.  
Құлкі ғып жібердің ғой елге мені!  
Қаншама ғасыр өтті көрген түстей  
мен келіп сізге сәлем бермегелі?

Еске алам естен танып, күйіне де.  
Үйездеп сыймай қойдым үйіме де.  
Адам мен Хауа қашқан түннен бері  
Қаншама заман өтті дүниеде?

Бұзылып періштеңнің ірендері,  
таба алмай тығырыққа тірелгелі  
қаншама ғасыр өтті,  
ашуланып  
сіз мені Сайтан қылып жібергелі?!

Түседі қашан маған ықыласың?  
Жауыңның көріп келдім құт-ұясың...  
Білімесе ешкім егер,  
мен білемін  
Адам мен Хауаңыздың құпиясың!

Алла:

Сайтан-ай... қайда жүр ең, айналайын,  
Естіп бір жақсы хабар, жайланайын:  
айтшы тез аярланбай, ақымағым,  
не көрдің?  
Ал сонан соң ойланайын...

Әзәзіл (Сайтан):

Көрдім ғой періштеңнің көрмегенін!  
Отырмын босағанда. — төр демедім.  
Сен мені Сайтан қылып жібергенде  
ұяттан, таңмын, қалай өлмегенмін?!

Алла:

Тарт тіліңді!  
Жамандық тілемейін,  
өңештен ап, ішіңнен ірмейін!  
Сайтан болып жүруге намыстансаң  
қара тас қып қаңғытып жіберейін!

Әзәзіл (Сайтан):

Дат, тақсыр!  
Ғұмыр сүру жат па маған?  
Аллаға адал құлмын!  
Ақтала алам:  
мен саған жақсы хабар алып келдім  
жанымды қалдыра гөр,  
Хақтағалам?!  
Бақилық қас жауыңмен көрістірем.  
Дінменен дінсіздерді керістірем!  
Екеуін қалай ғана келістірем!  
Жан-тәнім — қасірет пен беріш кілең...  
Адам мен Хауаңызды көріп келдім —  
Ай емес, аспан да емес,  
Жер үстінен!

Алла:

Жер деген не?  
Түсіндір соны маған!  
Кәрімменен қазір-ақ соғып алам!

Әзәзіл (Сайтан):

Білмейсіз бе?!  
Апырым-ай...

Күлемін бе?  
Күлсем — ұшып кетермін түнегіңе...  
Жер дейсіз бе?  
Жер деген —  
жұдырықтай,  
Адамыңның ұқсайды жүрегіне!

А л л а:

Әй, Сайтан-ай!  
Пәлекет аңдағаның.  
Енді қалай Құдай боп жан бағамын!  
Адамда жұдырықтай жүрек барын  
сен қайдан біліп қойдың?  
Таң қаламын!

Ә з з і л (Сайтан):

Таң қалма!  
Таңданатын — пендесің бе?  
Аллам-ау,  
абдырайсың, беу, несіне?  
Сол жүрек Адамыңның ғана емес-ау,  
Бар ана Хауаңыздың кеудесінде!

Сүюге,  
күюге де ол да шебер,  
жүрексіз біздей сорлы зорға сенер:  
болады бір-біріне қалай гашық  
сол ғажап жүректері болмаса егер?!!

Кешір, Алла!  
Жүректің маздау әні  
ойға түссе бойыма саз қонады.  
Жер дегенің —  
бес құрылық!  
Адам оны:  
«Бес жұлдызым!» — деп ылғи мәз болады!

**Алла:**

**О, Албасты!**  
Тыйым жоқ саған деген,  
Тіл табысқан қырық мың Ғаламменен!  
Өз көзіңмен көрдің бе Бүлікшіні,  
сөйлестің бе шынында Адамменен?

**Әзәзіл (Сайтан):**

Сөйлеспей ше?!  
Алдағам,  
Арбағанмын,  
Мен, әйтпесе, қалайша жан бағамын?!  
Адам түгіл,  
сөйлескем Хауанмен де,  
айтқаным көндіре алмағаным...

**Өкінішті!**

Хауа жоқ енді бізге!  
Қамшыңызды құр босқа өрдіңіз бе?  
Тақбасы көкбет Хауа тырнағының  
бетімде көгеріп тұр!  
Көрдіңіз бе?

**Алла:**

О, сұмдық!  
Хауа бізге қарамай ма?!  
Құдайдың құдіретін қаралай ма?  
Адамнан басқа пенде, басқа еркек  
Хауаға жар болуға жарамай ма?!

**Әзәзіл (Сайтан):**

Хауаның ару жүзі лағылдай-ды.  
Адамнан басқа ешкімді сағынбайды.  
«Жоқ,— дейді.— Махаббаттан басқа қышқыл!»  
О, Алла!  
Олар саған бағынбайды!

А л л а:

Шындық бар Сайтанымның өсегінде...  
Осылай... опық жеп пе ем осы өмірде?  
Әзірейіл!  
Саған келді кезек енді —  
Тұншықтыр екеуін де төсегінде!  
Сайтанды қасына ертіп,  
тілегін бер!  
Жауымды құртып келіп, шіреніңдер!  
Кесірлі көрпесі мен құс жастығын  
пешке сап, түтіп, өртеп жіберіңдер!

3

Әзәзіл бастап шығып,  
Қара қапы  
Жер бетін Әзірейіл аралады.  
Бұл кезде кеткен тарап құрылықтарға  
Адам мен Хауа Ананың Балалары...  
Келді олар Алласына хабар алып:  
— Жер үстін армансыз-ақ араладық.  
Бірталай есіктерден сығаладық,  
бірталай құрылықтарды сағаладық,  
Аспаннан аумайды деп бағаладық!  
Адам мен Хауаныңды шырылдатып,  
о, Алла,  
келе алмадық саған алып...

А л л а:

Не болған саған көзің үңірейіп,  
Құр босқа неге келдің сүмірейіп?!

Ә з і р е й і л:

Қайтеміз, көреміз де сорымыздан:  
кесір боп, кері қайттық жолымыздан.

63

Жазалау — Адамның мен Хауанызды  
келмеді, Алла, біздің қолымыздан!

А л л а:

Басыңды көтер, қане!

Тілегенім осы ма —

азуды Айға білегенім?!

Көп емес Әзірейіл...

Біреу ғана!

Ол — Сенсің.

Енді кімді жіберемін?

Ә з і р е й і л:

Білмеймін...

Кімдер батып бара алады?

Сайтанмен ақылдасшы арадағы,

сол ғана бір айласын таба алады!

Адам мен Хауаныздың өздері жоқ,

Өріп жүр бірақ соның Балалары!

А л л а:

Аялдағын!

Айт анық ақиқатты, аянбағын!

Адам мен Хауа қыздық нәсілдері

не істеп жүр?

Маған соны баяндағын!

Ә з э з і л (Сайтан):

Мен айтам!

Түр лаңы маған батып!

Көп ұштым қанатымды сабалатып.

Біреу жүр соқа жыртып, егін егіп,

біреу жүр мамонттарға садақ атып.

Ойы жоқ дүниемен, жалғанменен,  
кездестім баламенен, шалдарменен,



Бәрі де ынтымақты, таң қалғаным!  
Айқасып жатады тек аңдарменен...

А л л а:

Ә-ә...

Пәле!

Таптым!

Таптым жүрек емін!

Па, шіркін!

Көктен түсті-ау тілегенім!

Қалайда өшімді алам Махаббаттан!

Әззіл!

Сені соған жіберемін!

Түспейсің тірі жанның көздеріне,  
Ант атып араласпа сөздеріне!  
Тек өзің білетұғын аярықпен  
сойқанды көрсетші бір өздеріне!

Жет Жерге!

Кез түкпірін атыраптың!

Түк алма!

Алма ұрығын жапырақтың!

Қолыңда Алтын ғана болсын сенің  
көздерін арбайтұғын ақымақтың!

Тек соны көрсет!

Шыдай алмас бұлар,

Алтынды қолға ұстамай қанбас құмар!

Маған кел қырқыспаса бір-бірімен

Алтынның буы үшін албастылар!

Маған кел!

Көзге елестеп көр-түнегі

Адамның азатыны сол күн еді:

алысып Алтын үшін,

бірін-бірі  
бізсіз-ақ буындырып өлтіреді!

Олардан осылайша құтыласың,  
шайқалтып шаңырағын, күт-ұясын.  
Сонан соң...  
Өздері-ақ  
өлтірудің  
табады неше түрлі құпиясын!

Әзәзіл!  
Осы бәлар заманақыр!  
Хақың не — қайда қаңғып бара жатыр?!  
Ғаламды қалтыратар қара бақыр!  
Көзінше күңіреніп күліп жүрме,  
сыртынан:  
«Шоқ!»  
Шоқ!» — де, де қара да түр!

Әзәзіл (*Сайтан*):  
Әулие,  
Бүгін неткен тартымдысың!  
Сөзіңнің жаңа естідім бар құндысын.  
Мойындар құжатыңның халқың күшін...  
О, Алла!  
Айналайын басыңыздан!  
Сол басқа құю керек Алтын мүсін!

Кезейін шегін күллі атыраптың,  
түк алман, ұрығын да жапырақтың!  
Қолымда болсын менің Алтын ғана  
Көздерін арбайтұғын ақымақтың!

Ал, кеттім!  
Алла, аман бол!  
Асығамын!  
Жүзімді танымастай жасырамын...

Қайтсем де қулығымды асырамын,  
Таңба боп Тарихыңа басыламын!  
Қан болып Құрылықтарда тасынамын!  
Әйтеуір адамзатты басынамын!!!  
Заманым енді ғана туды-ау менің,  
Мен — мықты!  
Оны неге жасырамын?!

А л л а:

Ұшып кет! Бата ал!  
Маған қара, батыр!  
Қолыңда — Құдай берген Заманақыр!  
Көзінше күңіреніп күліп жүрме,  
сыртынан:  
«Шоқ!  
Шоқ!» — де, де қара да тұр!

Алтынды қолға ұстамай қанбас құмар.  
Тек соны көрсет!  
Шыдай алмас бұлар!  
Маған кел қырқыспаса бір-бірімен  
Алтынның буы үшін албастылар!  
Ха-ха-ха-ха!  
Аумин!

4

Әззіл Алласымен келісті де  
мәз болып жөнелді ұшып Жер үстіне...  
Дәл болды Аллаңыздың айтқан сөзі.  
Жер үсті:  
Соғыс...  
Түрме...  
Керіс... міне!

67

Әзәзіл келген кезде қыркысуға  
шарбақтар жоқ еді ғой үй тұсында.  
Жиһангер жиырмасыншы ғасыр біздің  
жатқан-тын ғажайып бір ұйқысында.

Мен өстіп бір түс көрдім.  
Өмір мені  
көп ойға көз жеткізіп көңілдегі  
аспанға алып кетті Музаға ертіп  
ғажапты көрдім сонда өңіндегі!

Түс түс қой!  
Зілзаланы айт өмірдегі!  
Тажалды айт өңірдегі,  
көңілдегі.  
Жер Анам — жатқан алып Хиросима!  
Атом тұр аспанында төгілгелі...

Қайтейін!  
Өкінішті-ақ, оқырманым,  
Адамбыз!  
Бірақ неткен соқыр жаным:  
таң қалып,  
сонда жазар дастанымды,  
сандалып  
бүгін жазып отырғаным...

Әзәзіл келген кезде қыркысуға  
шарбақ та жоқ еді ғой үй тұсында.  
Жиһангер жиырмасыншы ғасыр біздің  
жатқан-тын ғажайып бір ұйқысында.

Жер-Ана шерін бізге білгізбейді,  
біздермен сол дәуренін бірге іздейді.  
Қаптаған шекаралар енді, міне,  
итеріп кеудемізден кіргізбейді!

Қарасаң қайран жүрек өртенеді  
Қан-жыннан қарғалар да жеркенеді.  
Лапылдап жанып жатыр Соғыс-Пеште  
адамзат құс жастығы... көрпелері!

Топырлап ғасыр өтті, тоқырап күн  
миына шаншу қадап Сократтың.  
Адамның тау-тау болған Бас Сүйегі  
бүгінде —  
Тынайтқышы топырақтың!

Жер Анамды  
түсі жат,  
қара қаны  
Әзірейіл армансыз аралады.  
Қашан бітер Зұлымдық шеруі енді  
Адам Ата,  
Хауа Ана Балалары?!!

Бөлініп,  
жауласқалы,  
егескелі  
көзіңе не пәлекет елестеді?  
Жеріңнің Бес құрлығы —  
мандайдағы  
Адамның Бес жұлдызы емес пе еді?!!

Сұмдықтан, Адам, қашан құтыласың?  
Жеріңді сақта — ұрпақтың құт-ұясың!  
Пенделер неге іздейді,  
өлтiрудiң  
зымнян неше түрлі құпиясың?!!

Жер тұрғыны!  
жауап бер сұрағыма!

Қашан бітер қырғын мен күнә мына?  
Қиқулаған алыстан,  
шиқылдаған  
естіледі бір күлкі құлағыма...

Иығыңа сүйеніп,  
шынар — жұртым,  
жүріп келем.  
Қиқу да тынар бір күн..  
Айтсандаршы, адамзат,  
сол бір күлкі  
Әзәзілдің күлкісі шығар мүмкін?!!



## МАЗМҰНЫ

Жер шары — бала — арқамда . . . . .	5
Атой . . . . .	7
Чили. Аза жыры . . . . .	8
Джунгли хикаясы . . . . .	9
Жұдырықтай жұмыр жердің бетінде... . . . .	12
Белгісіз солдат . . . . .	13
«Аппак дүние...» . . . . .	13
Отан . . . . .	14
Кардиограмма . . . . .	15
«Барады уақыт...» . . . . .	16
«Тәнге күннен...» . . . . .	17
Дауыс . . . . .	18
«Көп адастым...» . . . . .	19
Тіл мен көз, бас пен қол туралы баллада . . . . .	20
«Аман ба, Тәте...» . . . . .	21
«Білер ме едің...» . . . . .	25
«Балалық патшалығындағы...» . . . . .	26
«Күз келді...» . . . . .	27
Періште . . . . .	27
«Келеді алып...» . . . . .	30
«Түсі суық...» . . . . .	31
«Жылнамамның отыз бес бетін...» . . . . .	31
Ғалия ару . . . . .	32
Адам Ата мен Хауа ананың үйленуі (поэма) . . . . .	49

Серик Аксункарулы

МЕДНАЯ ЛАВИНА

СТИХИ И ПОЭМА

(На казахском языке)

Редактор *М. Жумағалиев*  
Художник *С. Макаренко*  
Художественный редактор *Л. Тетенко*  
Технический редактор *А. Мулжабаева*  
Корректор *Г. Бокенова*

ИБ № 3725

Теруге 15.09.87 жіберілді. Басуға 09.03.88 қол қойылды. УГ № 21042. Қалпы 70x90<sup>1/2</sup>. № 1 баспа қағаз. Қаріп түрі «Әдеби». Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 2,63. Шартты бояу көлемі 2,77. Есепті баспа табағы 2,83. Тиражы 4800 дана. Заказ 765. Бағасы 30 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «КІТАП» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің билет-бланк және жедел өнімдер баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, Қарл Маркс көшесі, 15/1-үй.